

**Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарлау қағидасын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 3 шілдеде № 11564 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас прокурорының 26.01.2016 № 13 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тіркеу және есепке алуды одан әрі жетілдіру және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы және «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңдарының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну туралы хабарлау қағидасы бекітілсін.

2. Мынадай бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Тексерулер тағайындау туралы актілерді, тоқтату, қайта жаңғырту, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарлауларды, қатысушылардың құрамын өзгерту туралы актілерді тіркеу және тексеру мен оның нәтижелері жөніндегі ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 19 маусымдағы № 63 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8518 санымен тіркеліп, «Казахстанская правда» газетінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 216 ( 27490); «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 156 (28095) с а н д а р ы н д а ж а р и я л а н ғ а н ) ;

2) «Тексерулер тағайындау туралы актілерді, тоқтату, қайта жаңғырту, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарлауларды, қатысушылардың құрамын өзгерту туралы актілерді тіркеу және тексеру мен оның нәтижелері жөніндегі ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 19 маусымдағы № 63 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9003 санымен тіркеліп, «Казахстанская правда» газетінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 346 (27620); «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 284 (28223) сандарында жарияланған)

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

|                            |                         |                               |
|----------------------------|-------------------------|-------------------------------|
|                            | Қ а з а қ с т а н       | Р е с п у б л и к а с ы н ы ң |
| Бас Прокуроры              | А. Дауылбаев            |                               |
| Қ а з а қ с т а н          | Р е с п у б л и к а с ы |                               |
| Б а с                      | П р о к у р о р ы н ы ң |                               |
| 2 0 1 3                    | ж ы л ғ ы               | 2 9                           |
|                            |                         | м а м ы р д а ғ ы             |
| № 67 бұйрығымен бекітілген |                         |                               |

**Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді тіркеу, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну қағидасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді тіркеу, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Прокуратура туралы»

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңын 18-бабы 2-тармағын (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін орындау мақсатында

әзірленген.

2 . Қ а ғ и д а :

тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді (бұдан әрі – тексерудің тағайындалғаны туралы акті) (бұйрық, қаулы, нұсқама және т.б.) тіркеу, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсынудың тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тексерулерді тіркеу және есепке алу – тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді тіркеу, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру мен оның нәтижелері туралы ақпараттық есептік құжаттарды ұсыну бойынша іс-шаралар кешені;

2) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі – ЭАЕК) – электронды түрде белгіленген нысандағы құқықтық статистикалық ақпаратты тасымалдаушы, оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптастырылады;

3) қауіп-қатерді бағалау жүйесі – тексерулерді тағайындау мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

4) тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

5) тексерілетін объектілер – бақылау мен қадағалауға жататын тексерілетін субъектінің меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негізіндегі мүлкі;

6) тіркеу және есепке алу субъектілері – жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, соның ішінде мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне тексеруді және бақылау мен қадағалауды жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

7) уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын, тіркеу мен есепке алуды жүргізуге уәкілеттілігі бар мемлекеттік орган.

4. Тексерулерді тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органдары жүргізетін тексерулердің нәтижелері бойынша қалыптастырылатын айқын және дәйекті құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, есепке алу, талдау және мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға ұсыну мақсатында жүзеге асырылады.

5. Тексерулерді тіркеу және есепке алу рәсіміне:

Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру тағайындау туралы актілерді (тексеру мерзімін ұзарту туралы актілерді) және Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша талон-хабарламаның негізінде тексеру нәтижесін уәкілетті органда тіркеу;

тексерулерді тоқтату, жаңғырту туралы, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды уәкілетті органда есепке алу;

электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну;

уәкілетті органның тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы шешім шығаруы кіреді.

## 2. Тексерулерді тіркеу және есепке алу тәртібі

6. Тексеру тағайындау туралы актіні Заңмен және «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру субъектісінің (объектісінің) орналасқан жері бойынша тексеру басталғанға дейін уәкілетті орган жүзеге асырады.

7. Аймақта уәкілетті органның әскери немесе көліктік бөлімшелері болмаған жағдайда, тіркеу рәсімін уәкілетті органның аумақтық басқармасы есепке алуды және бақылауды жүргізу үшін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның тиісті әскери немесе көліктік бөлімшесін хабарлай отырып жүзеге асырады.

8. Тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні уәкілетті органда тіркеу үшін оған тексеру тағайындау туралы актінің немесе тексеру мерзімін ұзарту туралы актінің екі данасы (түпнұсқа және көшірме), ішінара және жоспардан тыс тексерулерді тіркеу кезінде – Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру тағайындауға негіз болған құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі ұсынылады.

Уәкілетті органға бір мезгілде ұсынылатын ЭАЕҚ – тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу кезінде Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік органмен жүзеге асырылатын тексеру туралы мәліметтерді есепке алудың № 1-П нысанды толтырылған карточкасы (бұдан әрі – № 1-П карточкасы) немесе тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеу кезінде талон-хабарлама ұсынылады.

Заңның 19-бабының 1-тармағымен алдағы тексеру туралы хабарландыру көзделген жағдайларда, уәкілетті органда тіркеу кезінде хабарландыру дерегін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты тексеру тағайындалған жағдайларда, тіркеу субъектісі Заңның 12, 20-баптарының, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-1-бабының талаптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісінің санатын растайтын құжаттарды ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары тіркеу субъектісіне қайтарылады, ал көшірмелері уәкілетті органда қалады.

9. Тексерулерді есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйелерін жүргізу кезінде, осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген, электрондық цифрлық қолтаңба қойылған құжаттарды осы Қағиданың 3-тарауына сәйкес электрондық форматта графикалық көшірмелерді тіркей отырып жолдайды.

Тексерулерді есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйесі болмаған жағдайда, Қағиданың 10-тармағында көрсетілген құжаттар электрондық форматта рәсімделіп, электрондық цифрлық қолтаңба қойылғаннан кейін, осы Қағиданың 3-тарауымен анықталған тәртіпте графикалық көшірмелерді тіркей отырып, уәкілетті органның веб-ресурсының көмегімен тіркелу үшін ұсынылады.

10. Бақылау және қадағалау органдарының, сондай-ақ уәкілетті органның тұрған жерінен елеулі қашықтықта орналасқан тексерілетін субъектілерге (объектілерге) жоспардан тыс тексеру жүргізілген жағдайда, тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу тексеру басталғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады.

11. Заңның 16-бабы 7-тармағының 1) тармақшасымен көзделген негіз бойынша жоспардан тыс тексеру тағайындау кезінде, тексеру тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу барысында уәкілетті органға алдыңғы тексеру немесе бақылау мен қадағалаудың басқа да нысанын жүргізудің нәтижесінде анықталған бұзушылық деректерін растайтын материалдарды ұсынады.

Заңның 16-бабы 7 тармағының 2), 2-1), 2-2), 2-3), 2-4) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексеру тағайындау кезінде, тексеру тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу барысында уәкілетті органға залал келтірудің нақты қаупі туындаған не залал келтірілген немесе құқықтардың бұзылған деректерін растайтын материалдарды ұсынады.

Заңның 16-бабы 7 тармағының 2), 2-1), 2-2) тармақшаларымен көзделген негіздер бойынша жоспардан тыс тексеру тағайындау кезінде, мемлекеттік орган «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1 және 5-баптары талаптарының бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қолданады.

Заңның 16-бабы 7 тармағының 3) тармақшасымен көзделген негіз бойынша жоспардан тыс тексеру тағайындау кезінде, тексеру тағайындаған мемлекеттік орган тіркеу барысында уәкілетті органға тексеру мәселесі шеңберінде негізгі тексеру субъектісімен тексеру субъектісінің өзара қарым-қатынасы фактілерін растайтын материалдарды ұсынады.

12. Уәкілетті органның қызметкері ЭАЕК-ны алған және тексеру тағайындау актісін, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актіні тіркеу рәсіміне ұсынған сәттен бастап жұмыс уақытын есепке ала отырып, үш сағаттан кешіктірмей:

тексеру тағайындау туралы актінің, тексеру мерзімін ұзарту туралы актінің қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін және № 1-П карточкасын толтырудың толықтығын тексереді;

сонымен қатар құжаттардың уақтылы тіркеуге ұсынылуын, тексеру жүргізуге құқықтық негіздердің бар болуын, тексеру мерзімі мен кезеңділігін, тексеруді тағайындау кезінде мемлекеттік органның аумақтылық принципін сақтауын тексереді;

тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тартуға негіздер болмаған жағдайда, Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысанда тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеу туралы мөр басады;

тіркеу туралы шешімді қабылдау үшін белгіленген мерзімнің аясында электрондық тіркеу аяқталғаннан кейін тіркеу субъектісіне электрондық цифрлық қолтаңба қойылған тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеу туралы тіркеу нөмірі көрсетілген хабарламаны жолдайды.

Тіркеу жүргізілгеннен кейін тексеру тағайындау туралы актінің түпнұсқасы тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актіні тіркеу туралы мөр басылып мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына қайтарылады, ал көшірмесі уәкілетті органда тиісті номенклатуралық істе сақталу үшін қалады.

13. Заңның 13-бабына сәйкес бекітілетін ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер жүргізудің графигі (бұдан әрі - график) Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді (Excel электрондық кестесі форматында) және Заңмен белгіленген тәртіпте қағаз және электрондық форматта ұсынылады.

Егер бекітілген және уәкілетті органға жолданған график нысанға сәйкес келмеген жағдайда немесе оны әзірлеу кезінде уәкілетті орган график жобасына түзету енгізу үшін қайтарғаннан кейін Заңның 13-бабы 2-тармағы талаптарының бұзылуына жол берілсе немесе олар жойылмаса, уәкілетті орган графикті алған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде тіркеу субъектісіне бұзушылықты жою үшін қайтарады.

Тіркеу субъектісі бұзушылықтарды жойғаннан кейін бекітілген графикті ол қайтарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға қайта ж о л д а й д ы .

14. Тіркеу субъектісінің тексеру тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны анықталған жағдайда, уәкілетті органның басшысы немесе оның міндеттерін атқарушы адам тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы тұжырым Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес нысанда , ЭАЕҚ уәкілетті органға келіп түскен сәттен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде екі данада құрылады.

Тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тарту Қазақстан Республикасы заңнамаларының және осы Қағиданың талаптарының нақты бұзылғандығын көрсете отырып, дәлелді б о л а д ы .

Электрондық тіркеу кезінде бас тартылған жағдайда уәкілетті органның қызметкері тіркеу субъектісіне электрондық цифрлық қолтаңба қойылған тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны тіркеу туралы шешім қабылдауға белгіленген мерзімде жібереді.

Сонымен бір мезгілде тіркеусіз қайтарылған тексеру тағайындау туралы актіге, тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіге Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «бас тартылды» мөртабаны қойылады және ЭАЕҚ-ң тиісті тармақтары толтырылады.

15. Тіркеу субъектісіне тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту үшін келесі негіздердің біреуінің болуы жеткілікті:

1) қауіп-қатерді бағалау жүйесін қолданбай немесе оны бұзып қолдану арқылы тексеру графикінде көрсетілмеген тексеру жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру тағайындау;

2) тексеру жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексеру тағайындау барысында тексеру жүргізудің кезеңділігін бұзу;

3) бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне енбейтін мәселелер бойынша тексеру тағайындау, яғни тиісті өкілеттігі жоқ адамдарға тексеру жүргізуді та п с ы р у ;

4) тексеруді Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген шектеулі мерзімдерден асырып тағайындау немесе оны ұзарту;

5) иесі бүркемеленген өтініш бойынша тексеру тағайындау;

6) мемлекеттік органның Заңның 23-бабы 6) тармақшасының талаптарын бұзатырып тексеру тағайындауы;

7) егер алдыңғы тексерулердің нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталмаған болса, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның (қаулының, ұсыныстардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау мәселесі бойынша тексеру тағайындау;

8) қауіп-қатерді бағалау жүйесін ескермей, ішінара тексеру жүргізудің кезеңділігін, еселігін бұзу арқылы немесе басқа да Заң бұзушылықтарға ішінара тексеруді тағайындау;

9) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының талаптарын ескере отырып, жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болатын жазбаша растаудың болмауы (сұрау салу, тапсырма, өтініш, шағым, жүгіну, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүгінулерді сенім телефондары бойынша есепке алу кітабында тіркеу туралы белгі, қарсы тексеру тағайындау кезіндегі актінің көшірмесі және заңнамада көзделген басқа да негіздер);

10) белгілі бір кезеңге не белгілі уақыт аралығы шеңберінен тыс шығатын мәселелер бойынша немесе жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған құжатта көрсетілген мәселелерге тексеру тағайындау;

11) заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру тағайындау туралы бір актіде бірнеше тексеру субъектілерін (объектілерін) көрсету;

12) тексеруі тоқтатылған және заңмен белгіленген мерзімдерде қайта жаңғыртылмаған тексерілетін субъектіге (объектіге) тексеруді қайта тағайындау;

13) міндетті хабарлау туралы талап Заңмен көзделген болғанда, алдағы болатын тексеру туралы тексеру субъектісін хабардар ету жөніндегі деректердің болмауы немесе Заңның 19-бабының 1-тармағымен көзделген хабарлау тәртібін бұзу;

14) тексеруді ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзу.

16. Тіркеу субъектісіне тексеру тағайындау туралы актіні, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы актіні тіркеуден бас тартылғанда, уәкілетті органның жоғары тұрған лауазымды тұлғасына немесе сотқа шағымдануына болады.

17. Тексеру тағайындау немесе тексеру мерзімін ұзарту кезінде тіркеу субъектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтау туралы мәселелерді шешу үшін ұсынылған құжаттарды қосымша қарау қажет болған жағдайда, актіні тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім ЭАЕҚ уәкілетті органға келіп түскен кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Заңның 18-бабының 3-тармағымен көзделген жағдайларда, тексеру

тағайындау туралы актіні тіркеу уәкілетті органда тексеру басталғаннан кейін келесі жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

18. Тексеру тоқтатылған, жаңғыртылған, қатысушылар құрамы өзгертілген жағдайларда, тіркеу субъектісі Заңның 19-бабының 4-тармағымен және 20-бабының 1-тармағымен көзделген тәртіпте уәкілетті органға талон-хабарлама ж о л д а й д ы .

19. Тіркеу субъектісі тексеру аяқталғаннан кейін үш жұмыс күннің ішінде уәкілетті органға ЭАЕК – талон-хабарламаны ұсынады.

Мемлекеттік сыртқы қаржылық бақылау органдары уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексінің 140-бабына сәйкес қаулы қабылданғаннан кейін ЭАЕК – талон-хабарламаны үш жұмыс күннің ішінде ұ с ы н а д ы .

20. Тексеру жарамсыз (заңсыз) деп танылғанның салдарынан тексеруді тіркеуден бас тартылған, сондай-ақ тексеру тағайындау туралы актіні шығармай жүргізілген тексеру фактісі анықталған жағдайда, тексеруді жарамсыз (заңсыз) деп таныған немесе тексеру тағайындау туралы актіні шығармай жүргізілген тексеру фактісін анықтаған мемлекеттік орган тиісті ақпаратты жолдайды, ал тіркеу субъектісі уәкілетті органға шешім қабылданғаннан кейінгі тәулік ішінде 1-П карточкасын және талон-хабарламаны жібереді.

21. Мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулер тәртібінің, оларды жүргізу, ұзарту, тоқтату мерзімдерінің, тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері мен аяқталуы туралы актіні ресімдеудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Салық кодексімен, ал мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен жүзеге асырылатын тексерулер Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексімен, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 3-НП нормативтік қаулысымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу қағидасымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8466 санымен тіркелген) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 235 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті деңгейлерде ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру ережесімен айқындалады.

22. Уәкілетті орган тексеруді тағайындаудың, ұзартудың, тоқтатудың, жаңғыртудың, қатысушылар құрамын өзгертудің негізділігін зерделеуге қажетті қ о с ы м ш а м а т е р и а л д а р д ы с ұ р а т а д ы .

23. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда, мемлекеттік еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуы бойынша мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын жоспардан тыс тексерулерді, үстеме тексерулерді тағайындау

туралы актілер жөніндегі жалпы мәліметтер, жеке кәсіпкерлік субъектілер кесімінде Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес нысанда (Excel электрондық кестесі форматында), тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмей уәкілетті органға жолданады.

24. ЭАЕК - № 1-П карточкалары мен талон-хабарлама деректемелерін тексеруді жүзеге асыратын адам толтырады.

ЭАЕК сандық ақпараттық көрсеткіштерінде, соның ішінде сөздік деректемелерді қамтитын көрсеткіштерінде уәкілетті орган беретін кодтық белгілеу нөмірлері көрсетіледі.

Енгізілген мәліметтердің айқындылығын, толықтығын, объективтілігін және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету мемлекеттік орган басшысына және ЭАЕК-н толтырған жауапты адамдарға, ал алқалы мемлекеттік органдарда – осы бағытқа жетекшілік ететін алқалы мемлекеттік органдардың мүшелеріне және ЭАЕК толтырған жауапты адамдарға жүктеледі.

25. № 1-П карточкалары және талон-хабарлама мәліметтерінің негізінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес бірыңғай нысанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді, бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандарын тіркеу және есепке алу туралы» № 1-П нысанды есепті (бұдан әрі – № 1-П есеп) (Excel электрондық кестесі форматында) қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Әрбір аймақ және мемлекеттік органдар бойынша № 1-П есептері тоқсан сайын ұлғаю нәтижесімен қорытындымен қалыптастырылады және уәкілетті орган аумақтық бөлімшесінің басшысымен немесе оның міндеттерін атқаратын адаммен, есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне, қағаз және электронды түрде б е к і т і л е д і .

Уәкілетті орган аумақтық бөлімшелерінің есептері мәліметтерінің негізінде уәкілетті органның орталық аппараты тіркеу субъектілері мен аймақтар кесімінде жиынтық есепті қалыптастырады.

Республика бойынша № 1-П нысанды жиынтық есепті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұсынады.

### **3. Тексерулерді тіркеуді және есепке алуды электрондық форматта жүргізу тәртібі және тексеру субъектілері мен объектілерінің бірінғай тізілімін (ТСОБТ) қалыптастыру**

26. Тіркеу субъектілері тексерулерді тіркеуді және есепке алуды электрондық форматта қалыптастыру мен жүргізуге қатысады.

Тексерулерді тіркеу және есепке алу ведомстволық автоматтандырылған жүйе болмаған жағдайда, мемлекеттік орган уәкілетті органның веб-ресурстарын п а й д а л а н а д ы .

Тексерулерді тіркеу мен есепке алу мәліметтерінің, қойылған ЭАЕҚ деректерінің негізінде уәкілетті орган орталықтандырылған мемлекеттік деректер қорын қалыптастырады және мемлекеттік органдарда электрондық есепке алу журналы қалыптастырылады.

27. Бірлік және тұтастық принциптерін сақтау негізінде тексерулерді тіркеу мен есепке алудың электрондық форматын енгізуді, мемлекеттік органдардың қауіп-қатерді басқару процестерін автоматтандыруды, уәкілетті органның ақпараттық жүйелері арқылы немесе бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдардың ведомстволық жүйелерімен интеграциялау жолымен мемлекеттік органдардың тексерулерін тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылдарын ұйымдастыруды Тексеру субъектілері мен объектілерінің біріңғай тізілімін (бұдан әрі – ТСОБТ) құрайды.

ТСОБТ мәліметтері тексерулерді тіркеу мен есепке алу саласындағы ЭАЕҚ-н, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын тексеру мәселелері бойынша тіркеу субъектілерінің тексерілетін субъектілер (объектілер) туралы мәліметтерін, қауіп-қатерді бағалаудың ведомстволық жүйелерін, тексеру парақтарын және міндетті түрдегі ведомстволық есептілікті электрондық форматта ұсыну арқылы орталықтандырылған деректер қорының негізінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

ТСОБТ-ны қалыптастыру және жүйелердің өзара әрекеттесуі тексерілетін субъектілердің (объектілердің), сондай-ақ мемлекеттік органның орналасқан аумақтылық принципіне сәйкес, тиісті нормативтік базасының және техникалық дайындығының болуына қарай кезең-кезеңімен, уәкілетті орган айқындайтын электрондық форматта жүзеге асырылады.

Келіп түскен мәліметтердің негізінде уәкілетті органмен құрылған тексеру субъектілерінің (объектілерінің) орталықтандырылған деректер қоры бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру, тексеру графиктерін, профильдік есептерді қалыптастыру, процестерді автоматтандыру және басқа да ведомстволық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың жұмысы үшін қ о л д а н ы л а д ы .

ТСОБТ-ға енгізілген мәліметтердің айқындылығын, толықтығын, объективтілігін және уақытылығын қамтамасыз ету мемлекеттік орган басшысына және мәліметтерді енгізген жауапты адамдарға жүктеледі.

Тексерудің тағайындалғаны туралы актілерді тіркеу, тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, оның мерзімдерін ұзарту туралы, қатысушылар

құрамын өзгерту және тексеру мен оның  
нәтижелері туралы ақпараттық есептік  
құжаттарды ұсыну қағидасының  
1-қосымшасы  
Нысан

**Тексеруді тағайындау туралы актісі**  
**(тексеру мерзімдерін ұзарту туралы акт)**

№ \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ қаласы

1. Мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты,  
әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және  
сарапшылар туралы мәлімет

